

1993 жылы зейнетақыларды арттыру және индекстеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 22 сәуір N 325. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.07.12. N 899 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "1993 жылы зейнетақыларды арттыру және индекстеу туралы" 1993 жылғы 29 қаңтардағы N 1937 және "Жалақы мен зейнетақының ең төменгі мөлшерін белгілеу туралы" 1993 жылғы 15 сәуірдегі N 2158 қаулыларын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақ ССР-інде азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақ ССР Заңына сәйкес бұрын тағайындалған зейнетақылардың барлық түрлері 1993 жылғы екінші тоқсанда ең төменгі жалақының өсу индексіне сәйкес қайта есептеліп, 1,8 есе өсірілсін.

Алдағы уақытта заң тәртібімен белгіленген ең төменгі жалақы мөлшері өзгерген кезде 1993 жылдың ішінде тиісінше зейнетақылардың барлық түрлері қайта есептелсін.

Индекстелгеннен кейін соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектерінің зейнетақыларының мөлшері ең төменгі жалақы көлемінен он еседен, ал зейнеткерлердің басқа санаттарының зейнетақылары жеті еседен аспайтын болып белгіленсін.

Индекстеуге дейінгі зейнетақының нақтылы мөлшері осы аталған шамадан артық болған жағдайда зейнетақының бұрынғы мөлшері сақталады.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Бұрын тағайындалған зейнетақыларды қайта есептеу тәртібі туралы" 1992 жылғы 2 сәуірдегі N 309 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1992 ж., N 14, 236-бап) сәйкес бұрынғы тағайындалған зейнетақыларды алдағы 1993 жылғы 1 қазаннан бастап, кезекті қайта есептеуге байланысты Қазақстан Республикасының Статистика мен талдау жөніндегі мемлекеттік комитетіне Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігімен және Қаржы министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігіне 1993 жылғы 1 тамызға дейін Қазақстан Республикасының халық шаруашылығында жұмысшылар мен қызметшілердің 1993 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша күтілетін орташа айлық жалақысы жөнінде болжам беру тапсырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы

2 сәуірдегі N 309 қаулысымен бекітілген Бұрын тағайындалған зейнетақыларды қайта есептеу тәртібінің 8-тармағының бірінші абзацындағы "1993 жылдың 1 сәуіріндегі" деген сөздер "1993 жылдың 1 қазанындағы" сөздерімен алмастырылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК